

Қазақстан Республикасы Президентінің Архивін құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 14 қаңтар 1994 ж. N 1502

Егемен Қазақстан Республикасының құрылуы мен дамуының және оның Президентінің қызметінің құжаттық айғақтамаларын толығымен сақтау мақсатында, сондай-ақ әлемдік іс-тәжірибені ескере отырып, қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік Қазіргі тарих архиві негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві құрылып, оның мемлекеттік архив мәртебесі сақталсын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

- Архив туралы ережені бір ай мерзімде әзірлеп, бекітуге табыс етсін;
- Архивтің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында оның материалдық-техникалық базасы мәселелерін қарап, шешетін болсын;
- осы Жарлықты жүзеге асыру жөнінде қажетті ұйымдық шараларды жүзеге асырсын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*